



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің трансшекаралық су шаруашылығы және су-энергетикалық ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 33-ө өкімі.

Мемлекеттік органдардың су шаруашылығы және трансшекаралық су-энергетикалық ынтымақтастық жөніндегі қызметін үйлестірудің тиімділігін арттыру және осы салада ел мүддесін қорғауда бірыңғай ұстаным әзірлеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Сергей Николаевич Громов Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің трансшекаралық су шаруашылығы және су-энергетикалық ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі болып тағайындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің 14.10.2019 № 191-ө өкімімен.

2. Арнайы өкілге трансшекаралық өзендер ағынын реттеу үшін жағалау маңындағы мемлекеттермен электр энергиясымен тауар алмасу мәселелерін үйлестіру, трансшекаралық су шаруашылығы және су-энергетикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссиялардың қазақстандық бөліктеріне төрағалық ету жүктелсін.

Премьер-Министр

А. Мамин